

**"Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының базасында
перспективалы ұлттық кластерлер қалыптастыру жөніндегі 2013 - 2018 жылдарға
арналған жол картасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 631 қаулысы
«Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050»
стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына
Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы
Президентінің 2012 жылғы 18 желтоқсандағы № 449 Жарлығын іске асыру мақсатында
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы
экономикалық аймағының базасында перспективалық ұлттық кластерлер қалыптастыру
жөніндегі 2013 - 2018 жылдарға арналған жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы)
б е к і т і л с і н .

2. Жол картасын орындауға жауапты жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ
м ү д д е л і ұ й ы м д а р :

1) Жол картасын іске асыру бойынша шаралар қабылдасын;
2) жылына екі рет, 5 қаңтарға және 5 шілдеге жартыжылдық қорытындылары
бойынша Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне
Жол картасының іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
жылына екі рет, 20 қаңтарға және 20 шілдеге жартыжылдық қорытындылары бойынша
Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жол картасының іске асырылу барысы туралы
ж и ы н т ы қ а қ п а р а т б е р с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және
жаңа технологиялар министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

1 9

м а у с ы м д а ғ ы

№ 6 3 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

«Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының базасында перспективалы ұлттық кластерлер қалыптастыру жөніндегі 2013 - 2018 жылдарға арналған жол картасы

P/c №	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6
1. «ИТП» АЭА кластерлерін және құрылымдық қызметін дамыту					
1.	Басқарушы компанияны «ТДҰА» АҚ-ға сенімгерлік басқаруға беру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, «ТДҰА» АҚ (келісім бойынша)	2013 жылғы тамыз	талап етілмейді
2.	«Алатау» технопаркі» ЖШС-ны басқарушы компанияға сенімгерлік басқаруға беру	ИЖТМ-ге ақпарат	«ТДҰА» АҚ (келісім бойынша), басқарушы компания (келісім бойынша)	2013 жылғы қыркүйек	талап етілмейді
3.	«ИТП» АЭА кластерлерін дамыту бойынша жұмыс тобын құру	ИЖТМ бұйрығы	ИЖТМ, «ТДҰА» АҚ (келісім бойынша), басқарушы компания (келісім бойынша)	2013 жылғы тамыз	талап етілмейді
4.	«ИТП» АЭА-ның қамқоршылық кеңесінің отырысын өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, «ТДҰА» АҚ (келісім бойынша), басқарушы компания (келісім бойынша)	2013 жылғы қараша	талап етілмейді
5.	«ИТП» АЭА ғылым кластерін стратегиялық дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, басқарушы компания (келісім бойынша), жұмыс тобы, «ТДҰА» АҚ (келісім бойынша)	2013 жылғы қараша	талап етілмейді
6.	«ИТП» АЭА инфо-коммуникациялық технологиялар кластерін стратегиялық дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, басқарушы компания (келісім бойынша), жұмыс тобы, «ТДҰА» АҚ (келісім бойынша)	2013 жылғы қараша	талап етілмейді
7.	«ИТП» АЭА энергия тиімді технологиялар кластерін стратегиялық дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, басқарушы компания (келісім бойынша), жұмыс тобы, «ТДҰА» АҚ (келісім бойынша)	2013 жылғы қараша	талап етілмейді
8.	«ИТП» АЭА-ның дамуын қолдау қорын» құру мәселесін пысықтау		ИЖТМ, «ТДҰА» АҚ (келісім бойынша), басқарушы	2013 жыл	талап етілмейді

		Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	компания (келісім бойынша)		
9.	Басқарушы компания, қатысушы компания, мемлекеттік органдар, инвесторлар және «ИТП» АЭА-да қызмет ететін басқа субъектілер арасындағы өзара іс-қимыл жасау рәсімдерін оңтайландыру және автоматтандыру бойынша ұсыныстарды әзірлеу	ИЖТМ-ге ақпарат	«ТДҰА» АҚ (келісім бойынша), басқарушы компания (келісім бойынша)	2013 жыл	талап етілмейді
10.	Ғылыми, инженерлік-техникалық және басқарушы кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін құру	ИЖТМ-ге ақпарат	басқарушы компания (келісім бойынша), «ТДҰА» АҚ (келісім бойынша)	2014 жыл	талап етілмейді
11.	«ИТП» АЭА кластерін дамыту жөніндегі жұмыс тобының шешімдері нәтижесі бойынша қызметті жүргізетін «ИТП» АЭА аумағында кіші компанияларды құру және дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, «ТДҰА» АҚ (келісім бойынша), басқарушы компания (келісім бойынша)	2014 - 2018 жылдар	талап етілмейді
12.	Ғылыми-техникалық саладағы ынтымақтастықты қоса алғанда, «ИТП» АЭА-ның қатысушыларының зерттеу және әзірлеу секторының қызметін жетілдіру	ИЖТМ-ге ақпарат	басқарушы компания (келісім бойынша), «ТДҰА» АҚ (келісім бойынша)	2013 - 2018 жылдар	талап етілмейді
13.	Сыртқы инвестицияларды, стартаптар және жоғары технологиялық кәсіпорындарды дамыту бойынша жетекші ғалымдар мен сарапшыларды тарту бойынша ұсыныстар әзірлеу	ИЖТМ-ге ақпарат	басқарушы компания (келісім бойынша), «KAZNEX INVEST» АҚ (келісім бойынша), «ТДҰА» АҚ (келісім бойынша)	2013 - 2018 жылдар	талап етілмейді

2. «ИТП» АЭА-ның инфрақұрылымын дамыту

14.	«ИТП» АЭА инфрақұрылымының екінші кезегін салу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Алматы қаласының әкімдігі, «ТДҰА» АҚ (келісім бойынша), басқарушы компания (келісім бойынша)	2013 - 2015 жылдар	республикалық бюджет
15.	«Зерде» холдингі» АҚ-ның инфо-коммуникациялық кластері құрылысына жер учаскесін бөлу мәселесін пысықтау	ИЖТМ-ге ақпарат	басқарушы компания (келісім бойынша), «ТДҰА» АҚ (келісім бойынша), «Зерде» холдингі» АҚ (келісім бойынша)	2013 жыл	талап етілмейді

16.	«Зерде» холдингі» АҚ-ның инфо-коммуникациялық технологиялар кластерін салу мәселесін пысықтау	ИЖТМ-ге ақпарат	«Зерде» холдингі» АҚ (келісім бойынша)	2014 - 2018 жылдар	талап етілмейді
17.	ДАТА-орталығын салу мәселесін пысықтау	ИЖТМ-ге ақпарат	басқарушы компания (келісім бойынша), «ТДҰА» АҚ (келісім бойынша), «Қазақтелеком» АҚ (келісім бойынша)	2014 жыл	талап етілмейді
18.	«ҚМГИ» АҚ-ның ғылыми-зерттеу орталығы кешенін салу мәселесін пысықтау	ИЖТМ-ге ақпарат	басқарушы компания (келісім бойынша), «ТДҰА» АҚ (келісім бойынша), «ҚМГИ» АҚ (келісім бойынша)	2014 жыл	талап етілмейді
19.	«Алатау» технопаркі» ЖШС-ның әкімшілік-өндірістік кешенін салу мәселесін пысықтау	ИЖТМ-ге ақпарат	«ТДҰА» АҚ (келісім бойынша)	2015 жыл	талап етілмейді
20.	Республикалық бюджет шеңберінде салынған «ИТП» АЭА-ның екінші кезегінің инфрақұрылымы объекттерін басқарушы компанияға сенімгерлік басқаруға беру	ИЖТМ-ге ақпарат	«ТДҰА» АҚ (келісім бойынша)	2016 жылғы I-тоқсан	талап етілмейді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

А Қ – акционерлік қоғам

басқарушы компания – «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік

жұмыс тобы – «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағында кластерлерді дамыту жөніндегі жұмыс тобы

«ИТП» АЭА – «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы

ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

«ҚМГИ» АҚ – «Қазақ мұнай және газ институты» акционерлік қоғамы

«ТДҰА» АҚ – «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» акционерлік қоғамы

«KAZNEX INVEST» АҚ – «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестициялар ұлттық агенттігі» акционерлік қоғамы.